

Қызметі кезеңдік сипаттағы жеке тұлғаларға Жаңаарқа ауданының базарларындағы бір реттік талондардың бағасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 31/269 шешімі. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 желтоқсанда N 8-12-100 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2012 жылғы 13 желтоқсандағы N 13/81 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы мәслихатының 2012.12.13 N 13/81 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36 бабының 6 тармағына сәйкес аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М **Е Т Т І :**

1. Қызметі кезеңдік сипаттағы жеке тұлғаларға бір реттік талондардың бағасы 1, 2 қосымшаларға сәйкес белгіленсін (қосымшалар қоса тіркелді).

2. Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2005 жылғы 13 қаңтардағы XV сессиясының "Бір реттік талондардың бағасын белгілеу туралы" N 15/119 шешімінің (Мемлекеттік тіркеу тізімінде нормативтік құқықтық актілердің тіркелген нөмірі 1694, "Жаңаарқа" газетінің 2005 жылғы 26 ақпандағы N 10 (9082) санында жарияланған), Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2006 жылғы 17 наурыздағы XXV сессиясының "Қызметті кезеңдік сипаттағы жеке тұлғаларға бір реттік талондардың бағасын белгілеу туралы" N 25/216 шешімінің (Мемлекеттік тіркеу тізімінде нормативтік құқықтық актілердің тіркелген нөмірі 8-12-14, "Жаңаарқа" газетінің 2006 жылғы 22 сәуірдегі N 20 (9148) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. Қарағанды облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2005.01.13 N 15/119 шешімі РҚАО-на түспеген.

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау аудандық мәслихаттың бюджет және аймақтық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық Мәслихаттың кезекті
XXXI-ші сессиясының төрағасы Ж. Қожабекова
Аудандық Мәслихат хатшысы Д. Жұмасейітов
КЕЛІСІЛДІ

Жаңаарқа ауданы бойынша
салық басқармасының бастығы С. Көпеев

2010 жыл 22 желтоқсан

Аудандық Мәслихаттың
2010 жылғы 22 желтоқсандағы
XXXI сессиясының N 31/269 шешіміне
1 қосымша

Жаңаарқа ауданының базарларындағы бір реттік талондардың бағасы

Базардың атауы	Мамандандыру	Сауда орындарының түрлері	Сауда орындарының аумағы, шаршы метр	1 шаршы метр аумаққа сәйкес айлық есептік көрсеткіштің пайызымен есептелген (%)
1	2	3	4	5
Жаңаарқа ауданының базарлары	Азық-түлік Өнеркәсіп	Сөре	4	2.2
		Ет сөресі	3	3.3
		Сүт	2	1.2
		Сөре	5	2.3
		Қолдан	2	1.1

Ескерту: 1. Бір реттік талон құны бір айлық есептік көрсеткіштің пайызымен алынады және ол бір айлық есептік көрсеткіші өзгерген сайын өзгеріп отырады.

2. Жоғарыда көрсетілген талондар құны Жаңаарқа ауданының базарларында ғана жүреді және ол тек салық басқармасының ұсынысы арқылы аудандық Мәслихат шешімімен өзгереді.

Аудандық Мәслихаттың
2010 жылғы 22 желтоқсандағы
XXXI сессиясының N 31/269 шешіміне
2 қосымша

Қызметі кезеңдік сипаттағы жеке тұлғаларға бір реттік талондардың бағасы

N	Кезеңдік сипатқа ие жекелеген кәсіпкерлік қызметінің түрлері	1 күнге арналған реттік талондар құны айлық есептік көрсеткіш. %
	Сату (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы);	
	1) газеттер мен журналдар;	2

1	2) тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет);	3
	3) бақша дақылдары;	10
	4) саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдер;	3
	5) үй жанындағы ауылшаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай учаскелерінің өнімдері;	6
	6) жануарлар мен құстарға арналған дайын жем-шөп;	2
	7) сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектері, бал, саңырауқұлақтар және балық.	5
	2	Жер учаскелерді өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері.
3	Үй жануарлары мен құстарды жою.	5

Ескерту: 1. Бір реттік талон құны бір айлық есептік көрсеткіштің пайызымен алынады және ол бір айлық есептік көрсеткіші өзгерген сайын өзгеріп отырады.

2. Жоғарыда көрсетілген талондар құны Жаңаарқа ауданының базарларында ғана жүреді және ол тек салық басқармасының ұсынысы арқылы аудандық Мәслихат шешімімен өзгереді.